



**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін
атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 16 наурыздағы № 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 наурызда № 22354 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.А. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі*

С. Шапкенов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2021 жылғы 16 наурыздағы
№ 78 бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін
атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша, сондай-ақ қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде ішкі қоныс аударушылар қоныс аударған жағдайда уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 328-ө-м бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8599 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 тамыздағы № 197 (28136) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша, сондай-ақ қоныс аударушыларды қабылдаудың

өңірлік квотасы шеңберінде ішкі қоныс аударушылар қоныс аударған жағдайда уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша, сондай-ақ қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде ішкі қоныс аударушылар қоныс аударған жағдайда уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалар мен мерзімдерде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленді және этникалық қазақтар және қоныс аударушылардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін уақытша орналастыру орталықтарында бастапқы қоныстандыру тәртібін және болу мерзімдерін айқындайды.";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері Орталықта қандас мәртебесін алғанға, қоныс аударушы және оның отбасы мүшелері жұмыс берушімен еңбек шарты жасалғанға дейін, күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзім тұра алады.

12. Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері оларға қандас мәртебесін берген немесе қандас мәртебесін беруден бас тартылған күннен бастап, қоныс аударушы және оның отбасы мүшелері жұмыс берушімен еңбек шартын жасаған күннен бастап немесе жұмыс берушімен шарт жасаудан бас тартқан жағдайда өздеріне Орталықтан берілген үй-жайды бес жұмыс күні ішінде босатады.";

1-қосымша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдеріне 2-қосымша"

3-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін қандас мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидалары мен мерзімдеріне 3-қосымша".

2. "Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларын және Уақытша орналастыру орталықтарының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-ө-м бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8601 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 260 (27534) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларын және Уақытша орналастыру орталықтарының қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидалары;";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидалары осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша орналастыру орталықтары қызметінің қағидаларда:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уақытша орналастыру орталығы (бұдан әрі - Орталық) - этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерінің қандас мәртебесін алғанға дейін уақытша тұруына арналған тұрғын жай;";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталықта уақытша негізде тұру үшін этникалық қазақтар және қоныс аударушылар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері (этникалық қазақ және оның отбасы мүшелері қандас мәртебесін алғанға, қоныс аударушы және оның отбасы мүшелері

жұмыс берушімен еңбек шартын жасағанға дейін, бірақ күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзім) Орталыққа бір рет тегін орналастырылады."

3. "Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 331-ө-м бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8600 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 (28137) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 403-ө-м бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8749 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 14 (28238) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі осы Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру бойынша түсіндірмелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 312 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10090 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 12 (28490) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қандас мәртебесінің өзектілігі бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қандас мәртебесінің өзектілігі бойынша ақпарат" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қандастардың жас-жыныстық құрамы және оларды әлеуметтік қолдау бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қандастардың жас-жыныстық құрамы және оларды әлеуметтік қолдау бойынша ақпарат" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қандастардың келген елдері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қандастардың келген елдері бойынша ақпарат" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қандастардың еңбек етуге қабілеттілігі бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қандастардың еңбек етуге қабілеттілігі бойынша ақпарат" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қандастардың келген жылдары бойынша ақпараты" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Елдерден келген қандастардың жыл бойынша ақпараты" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме бекітілсін.";

1-қосымша осы Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Қандас мәртебесінің өзектілігі бойынша ақпарат" (нысанның индексі О-1 және кезеңділігі тоқсан сайын)";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Қандас мәртебесінің өзектілігі бойынша ақпарат" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 7) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленіп,

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру тәртібін нақтылайды";

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшалар осы Тізбенің 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларда:

3-тармақтың 4) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандас мәртебесі бар адамдар зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындауға жүгінген жағдайда сәйкестендіру үшін қандас куәлігі ұсынылады.";

64-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде АЖ анықталғаны туралы;"

8, 9, 10, 11 және 12-қосымшалар осы Тізбенің 15, 16, 17, 18 және 19-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.06.2023 № 227 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. "Қазақстан Республикасына оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақыларды төлеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін

атқарушысының 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 7 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13047 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі жарияланған):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақыларды төлеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақыларды төлеудің үлгілік қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасына оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақыларды төлеудің үлгілік қағидалары осы Тізбенің 21-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

10. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 19 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13197 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларда:

3, 4, және 5-қосымшалар осы Тізбенің 22, 23 және 24-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

11. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.12.2025 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.09.2023 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2024 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.10.2023 № 430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. "Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы № 109 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20164 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы қағидаларда:

1-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) қандас мәртебесін беру немесе ұзарту;"

17. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 237 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.06.2023 № 229 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Этникалық қазақтарды және
олардың отбасы мүшелерін
қандас мәртебесін алғанға дейін
олардың қалауы бойынша
уақытша орналастыру
орталықтарына алғашқы
қоныстандыру қағидалары мен
мерзімдеріне
1-қосымша
Нысан
басшыға _____

(халықтың көші-қоны
саласындағы жергілікті
атқарушы органның атауы)

(этникалық қазақтың немесе
қоныс аударушының тегі, аты
және болған жағдайда әкесінің
аты)

Өтініш

Сізден мені және _____ адамнан тұратын менің отбасымның мүшелерін Уақытша орналастыру орталығына қандас мәртебесін алғанға немесе жұмыс берушімен еңбек шартын жасағанға дейін қоныстандыруды сұраймын, бірақ күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімге бір рет қоныстандыруды сұраймын (қажетінің астын сызу қажет).

(күні)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2013 жылғы 22 шілдедегі
№ 330-ө-м бұйрығына
1-қосымша

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтері - қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне қоғамға бейімдеу және ықпалдастыру мақсатында көрсетілетін қызметтер (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру) кешені;

2) қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы (бұдан әрі - Орталық) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге және олардың уақытша тұруына арналған заңды тұлға;

3) қандас - бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері.

3. Орталық мемлекеттік мекеме болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алу мақсатында қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша тұруын қамтамасыз ету Орталықтың негізгі міндеті болып табылады.

4. Орталықты қаржыландыру мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2-тарау. Орталық қызметінің тәртібі

5. Орталықта уақытша негізде тұру үшін қандастар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері тегін орналастырылады.

6. Орталықты қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Орталық заңды тұлға құқығын иеленеді, дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасы қаржы заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар мөрі, бланкілері болады.

7. Орталықта қандастардың қоғамға тезірек бейімделуі мен ықпалдасуына бағытталған жағдайлар жасалады.

8. Орталықта тегін тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі:

1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну;

2) аударма бойынша қызмет көрсету;

3) жұмысқа орналастыруда, кәсіптік даярлауда, қайта даярлауда және біліктілікті арттыруда көмек;

4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі жөнінде, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу;

5) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу;

6) құқықтық қызмет көрсету (тіркелуге, "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге,

азаматтық, әлеуметтік жәрдемақылар алуға кеңестер, консультациялар беру және көмек көрсету);;

7) Қазақстан азаматтығын алу және құжаттандыру мәселелеріне жәрдемдесу;

8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;

9) қазақ және орыс тілдерін оқыту;

10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу.

9. Орталыққа орналастыру және ол жерде қандастарды ұстау Қазақстан Республикасының медициналық қамсыздандыру, санитарлық саулық, сәулеттік реттеу, құрылыс саласы, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық салаларының талаптарына сай болуы тиіс.

Орталық қандастарды оқыту үшін қажетті әдістемелік құралдар мен материалдық-техникалық жабдықтармен қамсыздандырылады.

10. Орталықтың жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 22 шілдедегі
№ 331-ө-м бұйрығына
1-қосымша

Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы және қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жолдама – қандас мен оның отбасы мүшелеріне Орталыққа орналасу үшін халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган беретін құжат;

2) Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге және олардың уақытша тұруына арналған заңды тұлға;

3) өтініш иесі – Орталыққа орналасу мақсатында халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш беретін қандас және оның отбасы мүшелері.

2-тарау. Өтініш беру

3. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган беретін жолдама қандастың және оның отбасы мүшелерінің Орталыққа орналасуына негіз болып табылады.

Жолдама тек өзіне және өтініште көрсетілген кәмелеттік жастағы отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының ықтияр хатын алуға тапсырылған өтініші туралы ішкі істер органының талоның тапсырған жағдайда ғана беріледі.

4. Жолдама осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініштің негізінде беріледі.

5. Өтініш осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орталыққа жіберілетін қандастар мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу журналына тіркеледі.

6. Халықтың көші-қоны саласындағы уәкілетті орган өтінішті берген күні қарауы тиіс.

7. Бос төсек-орындар болмаған жағдайда өтініш білдіруші халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органдар құратын резервке журналға тіркелетін өтініш беру кезектілігі тәртібімен қабылданады.

8. Орталықта төсек-орын босаған жағдайда халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган өтініш иесіне (өтініш иелеріне) Орталыққа орналастыру үшін кезектілік тәртібімен жолдама береді.

9. Жолдама алған кезде қандас және оның отбасы мүшелері Орталыққа күнтізбелік үш күн ішінде орналасады.

Көрсетілген мерзімді сақтамаған жағдайда өтініш білдіруші қоныстандырылмайды, бұл ретте оның Орталыққа орналасуға қайтадан өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

3-тарау. Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Орталықта тұру тәртібі мен мерзімдері

10. Орталықта тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелері:

1) өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Орталықтың тұрғын үйін және қосалқы үй-жайларын, төсек - орнын пайдаланады;

2) Орталыққа орналасу және болу мәселелері бойынша Орталық басшылығына арыздар, қолдаухаттар және өзге де өтініштер береді;

3) ішкі тәртіппен танысады, оларды сақтайды;

4) бейімдеу және кіріктіру қызметтерін пайдаланады.

11. Орталық:

Қандастар мен олардың отбасы мүшелерін төсек-орын қажеттіліктерімен және оларды уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етеді;

қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және кіріктіру қызметтерін көрсетеді.

12. Орталыққа қандастар мен олардың отбасы мүшелерінен басқа адамдарды орналастыруға тыйым салынады.

13. Қандастар және олардың отбасы мүшелері осы қағидалардың талаптарын бұзған жағдайда, Орталық жолдама берген халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш берушілердің Орталықта болуын тоқтату туралы өтініш береді.

14. Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган өтініш білдірушілердің Орталықта болуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстың негізділігіне тексеру жүргізеді және бір жұмыс күні ішінде оларды Орталықта қалдыру немесе Орталықтан шығару туралы шешім шығарады.

Шешім қандасның отбасына немесе отбасының жекелеген мүшесіне қатысты шығарылады.

15. Өтініш иелерінің Орталықта тұруы қандас мәртебесі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады, бірақ орналасқан күнінен бастап алты айдан көп емес.

16. Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органның құжатталған шешімі орталықтан шығаруға негіз болып табылады.

17. Қандастар мен олардың отбасы мүшелері оларға ұсынылған үй-жайды олардың Орталықта болу мерзімі аяқталған соң күнтізбелік үш күннен кешіктірмей босатады.

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
1-қосымша
Нысан

ЖОЛДАМА

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру Орталықтарында тұру үшін жолданады (Үміткердің тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні)

Отбасы мүшелері:

1. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

2. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туыстық дәрежесі)

3. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туыстық дәрежесі)

4. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

5. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

6. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органның басшысы _____

(берілген күні)

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Басшыға

(Халықтың көші-қоны саласындағы
жергілікті атқарушы органның атауы)

(үміткердің тегі, аты және болған
жағдайда әкесінің аты)

Өтініш

Сізден мені және саны "_____" адамнан тұратын менің отбасы мүшелерімді
Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығына орналастыруыңызды және
бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуіңізді сұраймын.

(Күні) (Қолы)

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру Орталығына жолданатын қандастар мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу ЖУРНАЛЫ

№ р/с	Өтініш иесінің тегі, аты және болған жағдайда күні әкесінің аты	Туған жері және Шыққан елі	Өтінішті тіркеген күн және нөмірі	Жолдаманың нөмірі және берілген күні
-------	--	-------------------------------	---	--

Басталды _____

Аяқталды _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 22 шілдедегі
№ 331-ө-м бұйрығына
2-қосымша

Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне Бейімдеу және ықпалдастыру орталығында бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында (бұдан әрі – Орталық) қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтері - қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне қоғамға бейімдеу және ықпалдастыру мақсатында көрсетілетін қызметтер (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру) кешені;

2) қандас - бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері.

2-тарау. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тәртібі

3. Орталықта уақытша тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстандық қоғамның әлеуметтік ортасына тезірек бейімделуі, және етене араласып кетуі үшін Орталықтың әкімшілігі бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерінің кешенін көрсетеді.

4. Орталықта тегін тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне келесі бейімдеу және ықпалдастыру қызметтері көрсетіледі:

1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін оқыту, заңнама негіздері және шағын кәсіпкерлікті ашу бойынша курстар өткізу;

3) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу;

4) құқықтық қызмет көрсету (кеңестер, консультациялар және тіркелуде, қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруде, азаматтықты, әлеуметтік жәрдемақылар алуда көмек);

5) мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту.

5. Бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін сапалы қамтамасыз ету үшін Орталықтың әкімшілігі, жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2013 жылғы 28 тамыздағы
№ 403-ө-м бұйрығымен
бекітілген

Р/с №	Дербес деректердің атауы
1-тарау. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)
5	Туу туралы деректер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу

6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін қандас куәлігі) немесе "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) сұрау салынған
7	Тұрғылықты жері туралы деректер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы) немесе ақпараттық жүйелерден; Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы
8	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, екінші деңгейлі банкте, банк операцияларының жекелеген түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің, медициналық-әлеуметтік мекеменің (ұйымның) қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
9	Табыстары туралы мәліметтер: 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап қатарынан үш жыл ішіндегі орташа айлық табысы туралы, жалақысы туралы мәліметтер көрсетілген архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі, жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама немесе дара кәсіпкерлердің, адвокаттардың, жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және кәсіби медиаторлардың мемлекеттік кірістер органы берген табыстары туралы құжат.
	Еңбек өтілін растайтын мәліметтер: еңбек кітапшасында, еңбек кітапшасы болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаған, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болған жағдайда архив мекемелерінің анықтамасында, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті

қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмесінде немесе жұмыс орнынан анықтамада қамтылған мәліметтер; неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде). Қажет болған кезде білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе туу туралы анықтама); прокуратура органдары берген ақтау туралы анықтама, ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы; бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызбасты мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі; бұрынғы кеңестік мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкерінің жұбайының (зайыбының) шетелде тұратынын растайтын құжат; әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайы (зайыбы) жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерде тұратынын растайтын құжат. Баласының тәрбиесімен айналысқандығын растайтын құжаттар: балалардың жеке басын растайтын құжаттар, балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, балалардың оқу орнында білім алатыны туралы құжат, балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (қайтыс болғаны туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін жазу органы берген қайтыс болу туралы анықтама), балалардың әскери қызмет өткергенін растайтын құжат, әскери билет, баланы (балаларды) тәрбиелеу, асырап алу фактісін белгілеу туралы сот шешімі; төтенше және жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда 1949 жылғы жылғы 5 шілдеден бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейін 5 жыл бойы тұру фактісін растайтын құжат; қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген жағдайда қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат.

2-тарау. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау

1

Тегі

2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу
6	Тұрғылықты жері туралы деректер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы) немесе ақпараттық жүйелерден; Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы
7	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, екінші деңгейлі банкте, банк операцияларының жекелеген түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің, медициналық-әлеуметтік мекеменің (ұйымның) қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
	Өтініш берушінің зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтілін растайтын мәліметтер: еңбек кітапшасында, еңбек кітапшасы болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаған, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болған жағдайда архив мекемелерінен берілген анықтамада, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмесінде немесе жұмыс орнынан анықтамада қамтылған мәліметтер. Қажет болған кезде білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе туу туралы анықтама); неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде), прокуратура органдары берген ақтау туралы анықтама; ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы; бірінші

топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызбасты мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі; бұрынғы кеңестік мекемелері, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым жұмыскерінің жұбайының (зайыбының) шетелде тұратынын растайтын құжат, әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайы (зайыбы) жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерде тұратынын растайтын құжат. Баласының тәрбиесімен айналысқандығын растайтын құжаттар (бар болуына байланысты): балалардың жеке басын растайтын құжаттар, балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке кию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, балалардың оқу орнында білім алатыны туралы құжат, балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (қайтыс болғаны туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін жазу органы берген қайтыс болу туралы анықтама), балалардың әскери қызмет өткергенін растайтын құжат, жұмыс істемейтін әкенің жас балаларға нақты күтім жасаған фактіні және кезеңін растайтын сот шешімі, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы, әскери билет, қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы, қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы; қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері; "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжаттар; міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің растау анықтамасы; міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі; мемлекеттік кірістер органдары берген өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған адвокаттардың, жеке сот орындаушылардың, жекеше нотариустардың, кәсіби медиаторлардың, сондай-ақ дара кәсіпкерлердің, шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының және мүшелерінің (қатысушыларының) табыстары туралы анықтама; қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген жағдайда қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат.

3-тарау. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау

1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін қандас куәлігі) немесе ақпараттық жүйелерден
7	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы) немесе ақпараттық жүйелерден; Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы
8	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, екінші деңгейлі банкте, банк операцияларының жекелеген түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің, медициналық-әлеуметтік мекеменің (ұйымның) қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
9	Асырауындағы адамның білімі туралы мәліметтер: 18 жастан 23 жасқа дейінгі адамдар оқу орындарының күндізгі бөлімінің оқушысы болып табылатыны туралы оқу орнының анықтамасында қамтылған деректер
10	Мүгедектікті белгілеу туралы мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорынан мәліметтер, Ведомствоаралық сарапшылар кеңесінің радиациялық әсерге ұшыраған адамдар ауруларының, мүгедектігінің себепті байланысын белгілеу бойынша шешімі, Орталық

	әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі, госпиталь берген ауру туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы
11	Он алты жасқа дейінгі мүгедек баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);
12	Асыраушысының қайтыс болғаны туралы анықтама немесе хабар-ошарсыз кеткен (қайтыс болған) деп тану туралы сот шешімі
13	Асырауындағы адамның қайтыс болған адамға туыстық қатынасын растайтын құжат (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әкелікті (аналықты) белгілеу туралы). Азаматтық хал актілерін жазу бөлімдерінің анықтамасы (егер туу туралы куәлікте әкесі туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша енгізілсе)
14	Неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы/қамқоршы тегін өзгерткен кезде)
15	Қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат
16	Қайтыс болған (қаза тапқан) адамның әскери билеті немесе әскери қызметті өткергені туралы анықтама
17	Әскери қызметшінің, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қызметтік міндеттемелерін атқару не әскери қызметті өткеру кезінде алған жарақаттар, контузия, зақымданулар, аурулар салдарынан қайтыс болғандығы немесе қаза тапқандығы туралы құжат
18	Еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасы (қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа дейінгі балалары, ағалары, апалары немесе немерелерін күтумен айналысатын адамдар үшін)
19	Ақпараттық жүйелерден адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және Орталық атқарушы органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу фактісінің болмағаны туралы мәліметтер
20	Асырауындағы адамдардың қайтыс болған күні (асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы)
4-тарау. Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау	
1	Тегі
2	Аты

3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі) немесе ақпараттық жүйелерден
7	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы) немесе ақпараттық жүйелерден; Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы
8	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, екінші деңгейлі банкте, банк операцияларының жекелеген түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің, медициналық-әлеуметтік мекеменің (ұйымның) қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
	Еңбек өтілін растайтын мәліметтер: еңбек кітапшасында, еңбек кітапшасы болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаған, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болған жағдайда архив мекемелерінен берілген анықтамада, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмесінде немесе жұмыс орнынан анықтамада қамтылған мәліметтер; неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде). Қажет болған кезде білімі туралы құжатта; әскери билетте немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімнің) анықтамасында; балалардың туу туралы куәлігінде (азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе туу туралы анықтама), "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы"

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы прокуратура органдары берген ақтау туралы анықтамада қамтылған мәліметтер; ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы; бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызбасты мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі, Кеңес Одағының аумағында орналасқан мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкерінің жұбайының (зайыбының) шетелде тұратынын растайтын құжат; әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайының (зайыбының) жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерде тұратынын растайтын құжат. Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін (олардың болуына қарай): балалардың жеке басын куәландыратын құжат; балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме; балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат; балалардың арнайы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не білім алғанын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат; балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (немесе азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызмет өткергенін растайтын құжат.

Жұмыстың сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын анықтама; ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, атқарған лауазымы, кәсібі, жұмыс кезеңдері, архив ісінің нөмірі, оның беттері көрсетілген, мөрмен және архив директоры мен архивариустың қолы қойылып расталған архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі. Архивтік құжаттар болмаған кезде жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын сот шешімі.

5-тарау. Еңбек ету қабілетінен айрылу; асыраушысынан айрылу; жұмысынан айрылу; жүктілікке және босануға байланысты табысынан айрылу, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты

табысынан айрылу; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылу әлеуметтік қатер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау

1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Туу туралы деректер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган немесе ақпараттық жүйелерден
7	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұратын елі, тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы)
8	Куәландыру өткізілгені туралы және жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу, жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесінің өзгеруі туралы, еңбек етуге қабілетті екендігі туралы мәліметтер
9	Отбасы құрамы туралы мәліметтер
10	Асыраушысының қайтыс болғаны туралы не адамды хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы мәліметтер
11	Қайтыс болған адаммен туыстық қатынасын растайтын мәліметтер
12	Отбасы мүшелері оқушы немесе күндізгі оқу нысанында оқитын студент болып табылатынын растайтын мәліметтер
13	Қамқоршылық (қорғаншылық), бала асырап алу, патронат белгіленгенін растайтын мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні, қамқоршы (қорғаншы), асырап алушының, патронат тәрбиешінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), асырап алуға, патронатқа берілген баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні, баланың тұрғылықты жерінің мекенжайы (облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі)
14	Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер
15	Жүктілік және босану бойынша демалыстың, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлер демалысының күні туралы мәліметтер

16	Әлеуметтік қатердің басталуы алдындағы соңғы күнтізбелік он екі, жиырма төрт айдағы табыстар туралы мәліметтер
17	Салық органдарының мәліметтері: дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыру актісі
18	Баланың (балалардың) туу туралы мәліметтері
19	Баланы (балаларды) асырап алу туралы мәліметтер
20	Салық төлеушінің мәртебесін растайтын мәліметтер
21	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шоттың ашылғанын растайтын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, банктік шотты ашу күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
22	Мүгедектік тобын куәландыруды жүргізу және белгілеу туралы мәліметтер (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары, оның ішінде асырап алған балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, немерелері бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған жағдайда)
23	Баланы толық мемлекеттің қарауына белгілеу жағдайларын қоспағанда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алушының ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу туралы мәліметтер, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу туралы сот үкімі
24	Баланың қайтыс болған күні (бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем), асырауындағы адамдардың қайтыс болған күні (асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша төленетін әлеуметтік төлем)
25	Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда баланы толық мемлекеттің қарауына белгілеу, алушыларды ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу, асырап алу туралы шешімді жарамсыз немесе күші жойылды деп тану, қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату немесе айыру күні (бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем)

26	Алушыны жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның есебінен алу күні (жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем)
27	Алушының қайтыс болған күні (төлемдердің барлық түрі бойынша)
6-тарау. Бала тууға және бала күтімі бойынша жәрдемақылар тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Жынысы
5	ЖСН
6	Жеке басын куәландыратын мәліметтер (құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган, сериясы, қолтаңба)
7	Мәртебесін растайтын мәліметтер: шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, қандас куәлігі
8	Жәрдемақы тағайындалатын бала (балалар) туралы мәліметтер: баланың ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, баланың туылу реті
9	Неке киюды (бұзуды) тіркеу туралы немесе некені тіркеу туралы актілік жазбаның мәліметтері: некенің тіркелгенін растайтын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні
10	Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер: отбасы мүшелерінің ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініш берушіге туыстық қатынасы, туған күні мен жылы
11	Қамқоршылық (қорғаншылық), асырап алу белгіленгенін растайтын мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні, қамқоршы (қорғаншы) немесе асырап алғушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), асырауға, қамқоршылыққа (қорғаншылыққа) берілген баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жерінің мекенжайы (облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі)
12	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер
13	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің (шағын ауданның) атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты

	жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы)
7-тарау. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (жеке куәлік, туу туралы куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе ақпараттық жүйелерден
	Жәрдемақы алуға құқықты растайтын мәліметтер: 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін – Ұлы Отан соғысының қатысушысының немесе мүгедегінің куәлігінде қамтылған мәліметтер; 2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері үшін – наградаға берілген куәлікте және (немесе) Ұлы Отан соғысына қатысушының немесе мүгедегінің куәлігінде қамтылған мәліметтер; 3) "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағы берілгенін растайтын құжатта қамтылған мәліметтер; 4) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар үшін: қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі – 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң) сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, бұрынғы КСР Одағының

ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, не тиісті кезеңде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтар үшін – "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса

берілетін куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары үшін – жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігінде не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа да еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтамада немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер үшін - белгіленген үлгідегі куәлікте, басқа мемлекеттің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығын растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билетте, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжатта және жараланғанын, контузия алғанын немесе зақымданғанын растайтын медициналық құжаттарда , ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны

үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері мен медальдарына қоса берілетін куәлікте қамтылған мәліметтер;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар үшін – Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысушының куәлігінде немесе Чернобыль АЭС-індегі апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжатта немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысу фактісін, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын әскери комиссариаттың немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚР ИМ ТЖК) анықтамасында қамтылған мәліметтер;

5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер үшін - әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектің куәлігінде (Кеңес Армиясы мүгедегінің жеңілдіктерге құқығы туралы), жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, ұрыс қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер;

әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар үшін – белгіленген

үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы туралы анықтамада, Ішкі істер органдарының, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, ұрыс қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер;

басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, тиісті санатын және басқа елдердің қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсету салдарынан мүгедек болуын растайтын құжатта немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының Чернобыль АЭС-індегі апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан болған мүгедектігі туралы анықтамасында немесе Аурудың

радиациялық әсерге себептік байланысын анықтау жөніндегі орталық ведомствоаралық кеңестің қорытындысында қамтылған мәліметтер;

6) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары мен қайтадан некеге отырмаған жесірлері үшін – әскери қызметшінің қайтыс болғандығы туралы куәлікте немесе хабарламада немесе қаза тапқандағы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, әскери қызметшіге туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

7) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа да себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері) үшін – неке туралы куәлікте, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғандығы туралы куәлікте, жұбайының (зайыбының) мүгедектігін растайтын құжатта қамтылған мәліметтер;

8) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғаны туралы хабарламада немесе куәлікте, әскери қызметшінің қаза тапқандығы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғандығы туралы хабарламада немесе куәлікте, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқандығы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, қаза тапқан

адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғандығы туралы хабарламада немесе куәлікте, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза табу фактісін растайтын ішкі істер органдарының анықтамасында немесе құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері) қамтылған мәліметтер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары үшін – қаза тапқан адамның қайтыс болғандығы туралы куәлікте, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық қатысынан растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары үшін – сәуле ауруына шалдығып қайтыс болған азаматтардың немесе қайтыс болған мүгедектің, сондай-ақ өлімі белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың әсеріне байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлікте, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларына 6-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11745 болып тіркелген) сәйкес Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және

қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе наградаға берілген куәлікте немесе мұрағаттық анықтамада немесе наградтау фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасында қамтылған мәліметтер;

10) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар үшін - еңбек кітапшасында немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттарда, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билетте немесе анықтамада қамтылған мәліметтер;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтері бар құжаттарға мыналар жатады:

жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттар;

бұйрықтардан, жеке шоттар мен жалақы төлеуге арналған ведомостардан үзінді көшірмелер; коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкалары;

қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдері;

сот шешімдері; арнайы комиссиялардың шешімдері;

1998 жылға дейін берілген жеңілдіктерді алуға құқығы туралы куәлік;

фабрика-зауыт училищелерінде оқу фактісін растайтын анықтамалар;

11) 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күніне құрсақта болған балаларын қоса алғанда, окшаулау және қоныс аудару аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аударғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдар үшін – Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын құжат, балалардың туу туралы куәлігі;

	12) I, II және III топтағы мүгедектер, оның ішінде 16 -дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - мүгедектік туралы анықтама;
	13) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін – мүгедектік туралы анықтама;
	14) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар үшін – "Халық қаһарманы" атағы берілгенін растайтын құжат;
	15) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы берілгенін растайтын құжат;
	16) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар үшін – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органының мүгедектік топты белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамалары, зейнеткерлік куәлігі, ақталған азаматтың куәлігі немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан алынған ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі;
	17) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін – дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме.
7	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәлімет (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы)
8	Мүгедектігі туралы мәліметтер: мүгедектік санаты, мүгедектік топтың коды, мүгедектік тобы, мүгедектіктің себебі, мүгедектікті белгілеу күні, белгілеу мерзімі
9	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер
8-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсімі мен қозғалысы туралы ақпарат беру	

1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган немесе ақпараттық жүйелерден
6	Алушының мүдделерін ұсынуды растайтын мәліметтер
9-тарау. Мүгедектікті және (немесе) еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу және (немесе) қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Жынысы
5	Туған күні, жасы
6	ЖСН
7	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган, ұлты, қолы, бар болса: портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті) және тегі мен атының транскрипциясы; куәландырылатын адамның атын, әкесінің атын (бар болса), тегін ауыстырғаны туралы мәліметтер
8	Тіркеу туралы мәліметтер: тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімінің анықтамасы); адамның түзеу мекемесінде немесе тергеу изоляторында болу фактісін растайтын анықтама (еркін нысандағы)
9	Өтініш беруші туралы мәліметтер: мүгедектік тобы (санаты), себебі және мерзімі, жалпы еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі және мерзімі, кәсіптік еңбек қабілетінен айрылу дәрежесі, себебі және мерзімі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, білімі, негізгі кәсібі, жұмыс орны, лауазымы
10	Медициналық, оның ішінде денсаулық жағдайын сипаттайтын биометриялық деректер: функционалдық және зертханалық зерттеулердің деректері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 6697 бұйрық) бекітілген 088/у нысанында, пациентті /мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының

	медициналық бөлігінде, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында, амбулаторлық пациенттің медициналық картасында, ауру тарихынан үзінді көшірмелерде, Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығының қорытындысында, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілген деректер
11	Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (қатыспау) фактісін растайтын мәліметтер
12	Еңбек қызметін растайтын мәліметтер
13	Еңбекке уақытша жарамсыздығын растайтын мәліметтер (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша)
14	Өндірістегі жазатайым оқиғаны растайтын мәліметтер (еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша), жарақаттың немесе аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерді орындаумен себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімінің көшірмесі
15	Аурулардың, зақымданулардың (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) себеп-салдарлық байланысын растайтын мәліметтер (тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша)
16	Өндірістегі еңбек түрі мен жағдайы туралы мәліметтер
17	Мүгедектің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі (мүгедектің тұрғылықты жерінің мекенжайы, үйінің, пәтерінің нөмірі, әлеуметтік жағдайы, мүгедектің отбасы құрамы, тұрғын үй жағдайы, пәтерінің жайлылығы, санаты)
18	Қамқоршылықты (қорғаншылықты) белгілеуді растайтын мәліметтер: қамқоршының (қорғаншының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні; қамқоршылыққа (қорғаншылыққа) берілген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған жылы
10-тарау. Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) жәрдемақы тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Туған күні
5	ЖСН
	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы,

6	берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган
7	Мәртебесін растайтын мәліметтер: шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін қандас куәлігі
8	Неке киюды (бұзуды) тіркеу туралы немесе некені тіркеу туралы актілік жазба мәліметтері: некенің тіркелгенін растайтын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні
9	Қамқоршылық (қорғаншылық), бала асырап алу белгіленгенін растайтын мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні, қамқоршының (қорғаншының), асырап алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), асырап алуға берілген баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні, баланың тұрғылықты жерінің мекенжайы (облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі)
10	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), ауылдың, көшенің (шағын ауданның) атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәлімет (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы)
11	Мүгедек баланы тәрбиелеуші жәрдемақысы тағайындалатын мүгедек бала туралы мәліметтер: ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні
12	Мүгедектігі туралы мәліметтер: мүгедектік санаты, мүгедектік топтың коды, мүгедектік тобы, мүгедектіктің себебі, мүгедектікті белгілеу күні, белгілеу мерзімі
13	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер, шот түрі
11-тарау. Жерлеуге біржолғы төлем тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	ЖСН
5	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы,

	берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган немесе ақпараттық жүйелерден
6	Алушының қайтыс болғаны туралы немесе ақпараттық жүйелерден мәліметтер немесе қайтыс болу фактісін растайтын басқа мемлекеттердің уәкілетті органдары берген және апостильмен расталған құжат
7	Банктік шоттың болуы туралы мәліметтер: банктік шот ашылған банктің толық атауы, банктік шоттың иесі болып табылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер
12-тарау. Халықты жұмыспен қамту, көші-қон, персоналды басқару, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу, шетелдік жұмыс күшін тарту саласындағы қызметтер	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Тегі мен атының транскрипциясы
5	ЖСН
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган, ұлты, қолы
7	Жынысы
8	Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері
9	Ұлты туралы мәліметтер
10	Отбасылық жағдайы туралы мәліметтер
11	Азаматтығы туралы мәліметтер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы), Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан күні
12	Заңды мекенжайы, заңды тұлғаны тіркеу (тіркеуден шығару) күні туралы мәліметтер
13	Азаматтың әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі туралы мәліметтер
14	Білімі туралы мәліметтер
15	Өтініш берушінің тіркелген орнын растайтын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні
16	Электрондық цифрлық қолтаңба
17	Жасы
18	Байланыс ақпараты: байланыс телефоны, электрондық мекенжай
19	Шетелдік жұмыс күшін тартуға (жұмысқа орналастыруға) рұқсаттың қолданылу мерзімі

20	Рұқсаттың қолданылатын аумағы
21	Жұбайы туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны
22	Балалары туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, оқу немесе жұмыс орны
23	Ата-анасы туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны
24	Туған аға-інілері және апа-сіңлілері туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны
25	Жұбайының ата-анасы, аға-інілері және апа-сіңлілері туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны
26	Табыстары туралы декларация
27	Жұбайының табыстары туралы декларация
28	Шығу елі туралы мәліметтер
29	Тұрақты тұратын елі туралы мәліметтер
30	Мамандығының, біліктілігінің (лауазымының) атауы туралы мәліметтер
31	Жұмыс беруші туралы мәліметтер: атауы, меншік нысаны, мекенжайы, тіркеу нөмірі, тіркеу күні, заңды тұлғаны құру күні, Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеу туралы куәлік (нөмірі, қашан және кім берді), жүзеге асырылатын қызметтің түрі, мекенжайы, телефон, факс, резидент еліндегі тіркеу туралы деректер (мемлекеттік тіркеу нөмірі, күні, тіркеу органының атауы), резидент елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның баламасы, жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) келісімшартының деректемелері, келісімшарт жасасқан тараптардың атауы, жасалған келісімшарттың мәні, келісімшарттың қолданылу мерзімі; басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге жұмыс беруші шартының, келісімшартының деректемелері, келісімшарт жасасқан тараптардың атауы, жасалған келісімшарттың мәні, келісімшарттың қолданылу мерзімі, жер қойнауын пайдалануға келісімшарттан нотариат куәландырған үзінді көшірме (көшірме); бірлескен қызмет туралы келісімшарттан нотариат куәландырған үзінді көшірме (көшірме); қызметтер көрсету келісімшартынан нотариат куәландырған үзінді көшірме (көшірме)

32	Келу және Қазақстан Республикасынан шығу күні туралы мәліметтер
33	Білімі туралы құжаттың мәліметтері: құжаттың атауы, оқыған оқу орнының атауы, факультеті, құжаттың нөмірі, берілген күні, білімі бойынша біліктілігі, құжатты берген орган, білімі туралы мәліметтер, білімі бойынша мамандығы, мамандануы, бітіру күні, диплом бойынша орташа балл, бітірушіні сертификаттау туралы мәліметтер, оқу бағдарламасы, оқу орнының орналасқан жері, оқу кезеңі, тілдерді білуі
34	Еңбек қызметі туралы құжаттың мәліметтері: құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні
35	Әке болуды белгілеуді тіркеу туралы мәліметтер
36	Ана болуды белгілеуді тіркеу туралы мәліметтер
37	Бала асырап алуды тіркеу туралы мәліметтер
38	Қайтыс болғанын тіркеу туралы мәліметтер
39	Әлеуметтік төлемдердің, оның ішінде зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшері туралы мәліметтер
40	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеушілерден түскен төлемдер туралы мәліметтер
41	Өтініш берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуы (қатыспауы) туралы мәліметтер
42	Жазатайым оқиға туралы мәліметтер
43	Өтініш берушінің ауруларының, зақымдануларының (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) себеп-салдарлық байланысы туралы мәліметтер
44	Салымшы қаражатының түсімі мен қозғалысы туралы мәліметтер
45	Тұрақты тұрғылықты жерге шығуды (азаматтықтан шығуды) растайтын мәліметтер
46	Жұмыс орны
47	Жұмыс өтілі
48	Кәсібі бойынша жұмыс өтілі (жыл)
49	Жұмыс орны туралы мәліметтер: бұрынғы жұмыс орнының атауы, жұмысқа қабылдану және жұмыстан босатылу күні, орналасқан жері
50	Лауазымы
51	Кәсіпорындағы лауазымы
52	Қазақстан Республикасына тартылатын лауазымы
53	Шетелдік жұмыскердің санаты (біліктілігі)
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау туралы ақпарат алу кезінде www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
		10 (он) жұмыс күні
		Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	ұсынылған, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған құжаттың (құжаттардың) дәйектілігін тексеру үшін негіздер болған кезде – 5 (бес) жұмыс күніне; қосымша құжатты (құжаттарды) талап ету қажет болған кезде – 30 (отыз) жұмыс күні мерзіміне ұзартылады, бұл ретте Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді; порталда – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут; Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат

		куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
7	Жұмыс графигі	1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00.-ден 14.30-ға дейін 2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық кезек" тәртібінде жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады; 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

		1) Министрлік – www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі
		2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz.
		Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:
		Мемлекеттік корпорацияда:
		1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);
		2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама, ал дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, Заңның 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін – мемлекеттік кірістер органы берген табысы туралы құжат.
		Ұйым (мекеме) таратылған жағдайда табысы туралы

мәліметтер көрсетілген архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады.

Орташа айлық табысы туралы архив құжатын беру мүмкін болмаған жағдайда, орташа айлық табысының мқлшері жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жүргізілген табыстан белгіленеді.

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдар Ресей Федерациясының валютасында төленген табыстары туралы жұмыс берушінің анықтамасын (бар болса) ұсынады ;

Жасына байланысты зейнетақы тағайындау үшін өтініш берген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шет ел валютасына ресми бағамы туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсынан алады;

3) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжат:

еңбек кітапшасы; болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаған, түзетулер, дәлсіздіктер болған және әртүрлі оқылған кезде архив мекемелерінен анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай мынадай құжаттар ұсынылады:

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама;

ұрыс қимылдарына қатысканы туралы әскери комиссариаттың анықтамасы; бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғыздікті мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; бұрынғы кеңестік мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат; әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат;

Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу мемлекетіндегі еңбек қызметін растайтын құжат ұсынылады.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім көрсеткенін растау үшін мына құжаттардың біреуі (болуына қарай) ұсынылады : балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу

туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке кию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); орта кәсіптік оқу орнын бітіргені туралы аттестат; балалардың арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не оқитынын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болуы туралы куәлік (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болуы туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

4) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке кию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы/қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған жағдайда, қосымша балалардың туу туралы куәліктері (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) және балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеу фактісін растайтын құжаттар ұсынылады.

Балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеу фактісін растау үшін (олардың болуына қарай):

1) балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке кию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде);

3) балалардың оқу орнында оқығаны туралы құжат;
4) балалардың қайтыс болуы туралы куәлік (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтама);
5) әскери билет;
6) баланы (балаларды) асырап алу , тәрбиелеу фактісін белгілеу туралы соттың шешімі.
Төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған адамға жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған жағдайда 1949 жылғы 29 тамыз бен 1963 жылғы 5 шілде аралығында 5 жыл бойы төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін растайтын құжат қосымша ұсынылады.
Қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген жағдайда қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат ұсынылады.
Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1 -тармағы 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.
Құжаттарды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін тіркелгендер бойынша), некеге тұру туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008

		жылғы 1 маусымнан кейін тіркелгендер бойынша), баланың қайтыс болғаны туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін тіркелгендер бойынша) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік АЖ-дан алады.
		Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі; порталда тағайындау туралы ақпаратты алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.
		Портал арқылы жүгінген жағдайда – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.
		Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерізімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.
		Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе төлеу фактісін растайтын

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, осы Стандартта белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.
10	Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы	Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда

	көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар	мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
16-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айырылу жағдайы бойынша
берілетін мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақыларды,
мемлекеттік арнайы
жәрдемақыларды тағайындау
және жүзеге асыру
қағидаларына
9-қосымша

"Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	8 (сегіз) жұмыс күні;
		1) порталда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут;
		2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;
		3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ мерзімі – 20 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде, және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
		Порталда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.
		Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының

		мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
7	Жұмыс графигі	1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін 2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық кезек" тәртібінде жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады; 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

		1) Министрлік – www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі
		2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz.
		Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:
		Мемлекеттік корпорацияда:
		1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);
		2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) немесе некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (бар болса);
		3) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттар: өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, архив мекемелерінің анықтамалары, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық

архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай сондай-ақ: білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама; әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғыздікті мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты сегіз дейінгі мүгедек балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат;

әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат; Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметін растайтын құжат.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын

растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат; балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке кию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат; кәсіптік орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат; жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді; бірінші топтағы мүгедекті, екінші топтағы жалғызділікті мүгедекті және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қартты, он алты жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (камқоршыға), бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде сот шешімін ұсыну талап

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

етілмейді; әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар : еңбек кітапшасы; әскери билет; қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы; қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы; қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері; Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде , әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай): еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама; сотшешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар

адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмаған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы (міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе); міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ фермерлік шаруашылық немесе шаруа қожалықтарының басшысы және

мүшелеріне (қатысушыларға), өз пайдаларына міндетті зейнетақы жарналары жүргізген дара кәсіпкерлердің адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын жүргізген кезеңдері бірыңғай жинақтаушы қорына тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін кемінде жылдық міндетті зейнетақы жарналарының сомасын аударған жағдайда бір жылға теңестіріледі.

Егер көрсетілген адамдардың салынған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, міндетті зейнетақы жарналарының кезеңі міндетті зейнетақы жарналарына енгізген сомасына пропорционалды түрде анықталады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңі 2006 жылғы 1 шілдеге дейін міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналарын аударуды жүзеге асырған алдыңғы айынын айы ескеріледі.

Егер бір айдың ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүргізілсе, жинақтаушы жүйеде қатысу кезеңі бір айды құрайды.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкін болса талап етілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (2007 жылғы 13 тамызға дейін туған жағдайда), неке қию (некені бұзу) туралы куәлікті (некені 2008 жылғы 1 маусымға дейін қиған жағдайда), қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды)

		асырап алу туралы соттың шешімін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік АЖ-ден алады.
		Қамқоршылықты (қорғаншылықты) орнату жағдайында, белгілеуді дәлелдейтін қамқоршылық (қорғаншылық) құжаты.
		Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсынылғанда нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес қазақ немесе орыс тілдеріне құжатты аудару дұрыстылығын куәландырады.
		Порталға: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін – осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының куәландырылған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында портал арқылы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға өтініш беру;
		мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – қызметтерді алушының куәландыратын ЭЦҚ электрондық құжат нысанында өтініш беру.
		Көрсетілетін қызметті алушыға осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсыру кезінде көрсетілетін қызметті алушының тиісті құжаттарды алғаны туралы қолхат беріледі; портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау саудың қыбылданғаны туралы статус көрсетіледі.
		Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен

Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер

құжаттарды ұсынған, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмаған жағдайларда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Төлемдерді тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемдерді дәлелдейтін деректерді ақпараттық жүйеден алған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысанда өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, осы Стандартта белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "

10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.
----	---	---

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
17-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты
есебінен беру, сондай-ақ жасына
байланысты зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі
бойынша, асыраушысынан
айырылу жағдайы бойынша
берілетін мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақыларды,
мемлекеттік арнайы
жәрдемақыларды тағайындау
және жүзеге асыру
қағидаларына
10-қосымша

"Мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)

2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) көрсетілетін қызметті беруші – мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау үшін мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) 4) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	8 (сегіз) жұмыс күні. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: ұсынылған, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған құжаттың (құжаттардың) дәйектілігін тексеру үшін негіздер болған кезде – 5 (бес) жұмыс күніне; қосымша құжатты (құжаттарды) талап ету қажет болған кезде – 30 (отыз) жұмыс күні мерзіміне ұзартылады, бұл ретте Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді; порталда жәрдемақы тағайындау туралы жәрдемақы ау үшін – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут; Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, көрсетілетін қызметі берушіде – күту уақыты талап етілмейді; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты

		бойынша көрсетілетін проактивті түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілі	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметі алушы) тегін көрсетіледі
		1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі

асқа үзіліс 13.00.-ден 14.30-ға дейін Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау графигі: сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00.-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызметінсіз көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша " электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады.

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары интернет- ресурстарда орналастырылған:

1) Министрлік www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі

2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған

сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

2) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 б ұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілердің мемекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген).

Қажет болған кезде (болуына қарай) мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады:

1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) он алты жасқа дейінгі мүгедек баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы

		актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);
		5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы (қамқоршы) тегін өзгерткен кезде).
		Қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген кезде, қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжатты ұсынады.
		Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1 -тармағы 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.
		Порталға: мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін – мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш портал арқылы осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында; мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу.
		Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;
		портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.
		Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 8-тармағында

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерізімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе төлеу фактісін растайтын мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған себептерді жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы Стандартта белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен

Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті берушіде мемлекеттік қызмет:

1) тиісті өңірдің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелерінің (медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінің және (немесе) медициналық-әлеуметтік сараптама әдіснама және бақылау бөлімдерінің) орналасқан жері бойынша;

2) көшпелі отырыстарда: көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты (тіркелген) жеріндегі емдеу-профилактикалық мекемелер базасында; мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша; көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында; үйде, стационарда – егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы б о й ы н ш а

медициналық-әлеуметтік сараптамаға келе алмайтын болса;

3) сырттай – куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерде стационарлық емделуде жүрген болса, куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісімімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау

		шараларын айқындау" айқындалған құжаттарды ұсыну негізінде көрсетеді.
		Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.
		Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
міндетін атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
